

ностью защищать свою страну от нападений внешних врагов, относятся и такие качества, как мирное, созидательное служение Отечеству, содействие общественному благу и процветанию.

Уроки истории должны учить школьника не столько пассивному запоминанию фактов и их оценок, сколько умению самостоятельно ориентироваться в массе исторических сведений, находить причинно-следственные связи между историческими явлениями, отделять существенное в историческом процессе от второстепенного.

Предметом истории как науки является человек в бесконечной смене поколений, поэтому гуманизация истории означает ее очеловечивание. Познание исторических закономерностей, решение исторических проблем, понимание смысла истории должно идти не путем отвлеченных абстракций, а от человека и через человека. Гуманизация истории означает повышение внимания к историческим личностям и к личности ученика, удовлетворение его познавательных запросов.

Представленные в учебных курсах обобщенные выводы о человеке и обществе, экономике и политике, социальном и духовном развитии, будучи универсальными научными знаниями, являются незаменимым инструментом в познании многообразных процессов, которые происходят в обществе сегодня или будут происходить завтра.

Данные курсы позволяют учащимся осознать себя участниками конкретного исторического процесса, потребителями и творцами культуры, а значит, способствуют выбору пути, места и назначения в жизни.

ЛИТЕРАТУРА

1. Лихачев, Б. Т. Педагогика: Курс лекций [Текст]: Учеб. пособие для студентов пед. учеб. заведений и слушателей ИПК и ФПК. – М.: Прометей, 1992. – 528 с.
2. Педагогика [Текст]: Учеб. пособие для студентов пед. институтов / Под ред. Ю.К. Бабанского. – М.: Просвещение, 1988. – 479 с.
3. Педагогика [Текст]: Учеб. пособие для студентов пед. учеб. заведений / В.А. Сластенин и др. – М.: Школа-Пресс, 2000. – 512 с.

ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУ КЕЗІНДЕ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Нупирова А.М.

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

Табиғаттағы тіршілік атаулының өсіп-өну, даму көзі- оның тамыры, адам баласының санасының даму көзі – оның тілі. Тамырсыз өсімдік атаулы көктемейді, ана тілінсіз ұрпақ жетілмейді. Ана тілінің уызына қанбаған, оның бұлағынан нәр алмаған ұрпақтың баршасының бойынан ізгіліктің нышандарын табу мүмкін емес, өйткені жастарымыз халықтық педагогикадан, ұлттық салт-дәстүрлерімізден, рухани байлығымыздан қол үзіп кеткен ұрпақтың екілі.

Қазақ халқы өзінің бүгінгі күнін бағалай отырып, өткен өміріне көз салу, тарихи тәжірибеден сабақ алу, мәдени дәстүрлерін, озық әдет-ғұрпын, өмір салтын зерттеу, оларды ұрпақтан ұрпаққа мұра етіп жеткізу мәселерімен ұстаздар қауымы да мұқият шұғылдана бастады. Халықтың тірнектеп жинаған оқу-тәрбие ісінің бай тәжірибесін аса тиімді, шығармашылықпен қолдана білу- әрбір ұстаздың міндеті.

Халықтық педагогиканың негізгі көздер мақсаты-өзінің бай тарихи тәжірибесіне сүйене отырып, келер ұрпақты еңбекке, өнер –білім машықтарын меңгеруге, отбасы, ауыл-аймақты, Отанын сүйуге, ар-намысын қорғауға және т.б. ізгі адамгершілік қасиеттерге баулу.

Қоғамымыздың ертеңгі болашағы- мектеп жасындағы жас жеткіншектер. Оларды халықтық салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты қастерлеуге, құрметтеуге үйреткен абзал. Өз халқының мол мұрасын, ұлттық ерекшеліктерін білудің адам болып қалыптасуына берер пайдасы зор.

Оқушыларды ұлтжандылыққа, халқын қастерлеп, оған қалтқысыз қызмет етуге тәрбиелеу және адамгершілікке, қайырымдылыққа баулу мақсатында күнделікті оқу-тәрбие жүйесіне халықтық педагогиканың тағылымдарын енгізу кең өріс алып келеді.

Ұрпағын ойламайтын халық болмайды. Онсыз өсіп-өну, ілгерілеу жоқ. Халықтық оқу-тәрбие ісінің негізгі мақсаты – жалпы адамды, ең алдымен баланы сұлулықтан хабардар ете отырып тәрбиелеу. Оқу мен тәрбие алдында ата-ана да, тәрбиеші мен ұстаз да, адамды қоршаған ұжым да, тіпті көшедегі кездейсоқ халық та жауап береді. Сол себепті физи-

ка пәнін оқытуға мысалды алыстан іздемей-ақ халқымыздың пайдаланып келген ұлттық құрал-саймандарын, ұлттық атауларын қолдануға болады.

Қазіргі мектептерде қолданылып жүрген оқулықтарымыз орыс оқулықтарының аудармасы. Олардың көбінде ұлттық психологияға сай келе бермейтін мысалдар келтірілген. Ұлттық мектеп пен ұлттық ерекшелікке, ұлттық тарихына, мәдениетіне, өнеріне, салт-дәстүріне, тұрмыс-тіршілігіне, халықтың ұлттық ойындары мен отбасы тәрбиесіне сай құрастырылған оқулық – ұлттық педагогиканың ықпалы мен әсерінен жасалатын және дамитыны дүниежүзілік тәжірибеден белгілі.

Халықтық педагогика мен халықтық психология тағылымдарын пайдалану, физика пәнінің әр тарауларынан өткізілген сабақ түрлері оқушылардың пәнге қызығушылығын, белсенділігін арттырып, тарауды пысықтау кезеңін сапалы өткізуге, материалды толық меңгеруге көмектеседі. Сонымен бірге оқушы ойын дамытып, өзіндік пікір айтуға үйретеді. Оқушыны құрғақ жаттандылықтан аулақтатып, дербес ойлап, әрекет етуге жетелейді. Халық педагогикасының тағылымдарын физика сабағында қолдану – оның білімдік және тәрбиелік мақсаттарын жүзеге асырумен қатар халқымыздың салт-дәстүрін қастерлеп, оқушыларды ұлттық мақтаныш рухында тәрбиелеуде зор мәні бар.

Қазақтың әдет-ғұрып, салт-санасында кездесетін кейбір элементтерді физика сабағында қолдануға болады. Біз осыдан жазу-сызу болмаған халқымыздың табиғат құбылыстарын дұрыс түсіне білгендігін, көргендігін, данышпандығын аңғарамыз.

Сабақта оқушыларды шығармашылыққа баули отырып толғанысын, байқампаздығын сөйлеу шеберлігін, ой-өрісін арттыру үшін заман ағымына қарай халқымыздың тұрмысы, әдет-ғұрпы, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан бай қазыналарының бірі- киіз үйі; ол ауа райының қандай жағдайында да пайдалануға өте ыңғайлы, ішіне жарық жақсы түседі, ауа алмасуы талапқа сай жел- дауылға көп шайқалмайды берік, төбесі жадағай емес, күмбез болып келгендіктен жаңбыр өтпейді. Салқын болуы конвекцияға байланысты. Түндік қазіргі кездегі терезенің ашпалы көзін және мұржаның релін атқарады. Түндіктен кірген салқын ауа төмен түсіп жылы ауа мен суықта от жаққанда түтін ол арқылы сыртқа шығады. Киіз жылу өткізгіштігі нашар, сондықтан аптап шілдеде сая, ызғырықта жылы баспана болуын қамтамасыз етеді. Қатты денелерде болатын деформацияның түрлерін қарастырғанда киіз үйдің сүйегін (уық, кереге, шаңырақ, күлдіреуіш) уық, керегелерін талдан қара мойылдан, шаңырағы мен маңдайша, табалдырығын қайыңнан яғни физикалық қасиеттері әртүрлі, барлығын морға салып балқытады. Сонымен қатар көптеген мақалдар табиғат көріністерін бейнелеп, оларды тұрмыстық жағдайлармен тығыз байланыстырады.

Мақал-мәтел адам баласының тұрмыс тіршілігіне терең еніп, халықтық өмірін, еңбек-әрекетін, оның табиғат құбылыстарымен қарым қатынасын дөп басып шынайы көрсетіп отырған. Мақал-мәтелдердің ескірмес, тот баспас қасиеті оның бейнелеу, теңеу, суреттеу ерекшеліктеріне жете көңіл бөлгендігінде. Сондықтан, олардың зор дидактикалық және тәрбиелік мәні бар. Сонымен қатар кейбір мақал-мәтелдерде табиғат құбылыстары, құбылыстар арасындағы өзара байланыс өте айқын беріледі. Бұл қазақ халқының өзін қоршаған ортаға немқұрайлы қарамай, аса бір зерделі түрде байқампаз болғандығын аңғартады. Міне осындай мазмұнды, мақал-мәтелдерді физика пәнін өткен кезде орынды қолдануға болады. Ол, пәнді дұрыс түсінуге мүмкіндік берумен қатар, саналы тәрбиелеудің бір жолы болып табылар еді.

Мысалы, 7-сыныпта Физикалық шама. Шамаларды өлшеу тақырыбын өткенде ертедегі өлшем бірліктерді (кесте 1) атап айтып кетуге болады және келесідей мақал-мәтелдерді қарастыруға болады. «Қарыстан сүйем жуық», «Жеті рет өлшеп, бір рет кес», «Гауһарды мысқылдап өлшейді».

Кесте 1. Қазақ халқының өлшем бірліктері

Өлшемдер	Мағынасы	Өлшемдер	Мағынасы	Өлшемдер	Мағынасы
<i>Ұзындық өлшемдері</i>		<i>Салмақ өлшемдері</i>		<i>Уақыт өлшемдері</i>	
1 елі	сұқ саусақтың орта буынының ені; 6 арпа жуандығы	1 ұршық иірілген жіп	200 г	кібісе жыл	366 күн
1 тұтам	4 елі; жұдырықтың ені; 8 см	1 қанар	104,832 кг	қазан	50 жыл
1 сүйем	18 см; бас бармақ пен сұқ саусақтың керілгендегі арасы	1 шақша	1,024 кг	түн ортасы	Түнгі сағат 12
1 қарыс	бас бармақ пен шынамақ арасы	1 қайна-тым шөй	12,5 г	түн жарым	Түнгі сағат 3

1 түстік жер	ат жүгірісімен 4-5 сағаттық қашықтық	1 шығым шәй	5 г	қарға адым	36 минут
1 айлық жер	ат жүгірісімен 28-30 күндік қашықтық	1 шөкім ет	1 торғай салмағы	1 тоғыс	27 күн 8 сағат
1 күндік жер	8-10 сағаттық аралық	1 аяқ сусын	2 л	қас қағым	1 секунд
1 тұсау бойы	Жылқының алдыңғы екі аяғының арасы	1 торсық сусын	2-3 л	дақыға	1 минут

Молекулалардың қозғалысы. Диффузия тақырыбында «Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді», «Жұпарды жасырғанмен иісі білінеді» мақалдарын келтіре аламыз.

Үйкеліс күші тықырыбын қарастырғанда «Саусақ бірікпей – ине ілікпейді». Физикалық мағынасы: Ине қолға ілігу үшін саусақ пен ине арасындағы үйкеліс біршама болуы керек, ал ол үшін біз саусақтарды біріктіру арқылы инемен тиісу ауданын арттырамыз. Тәрбиелік мәні: Әрбір алға қойылған іс-әрекеттің ойдағыдай, табысты орындалуы үшін бірліктің, ынтымақтастықтың қажеттілігі туралы.

«Найза салу – ерліктен, ат жауыры – терліктен». Физикалық мағынасы: Ат жауырының пайда болуы, ол аттың арқасына ердің қапталы батып үйкелуінен. Осы үйкелісті болдырмау үшін және де терді сіңіру үшін қойдың жабағы жүнінен жасалып, тоқымның астына терлік жасалады. Егер терлік дұрыс салынбаса, ат жауыры осыдан болады, демек терлікті дайындауда оны атқа дұрыс жабуда үлкен өнер болып табылады. Тәрбиелік мәні: Елді қорғау, жауға тойтарыс беру, нар тәуекел жасау, біреуге шынайы жақсылық жасау тек нағыз ердің ісі ерліктің белгісі екендігі, ал тапсырылған міндетке немқұрайлы қарап, жауапкершілікпен орындамау ортақ іске кесірін тигізетіндігі меңзеледі. «Тар киім тез тозады»

«Құрғақ қасық ауызыңды жыртар, өтпесе пышақ жүйкеңді құртар»

Ал 8-сыныпта Булану және конденсация. Кебу тақырыптарын өткенде келесі мақалдарды қарастырамыз «Дән себілмей астық өңбейді, Дария буланбай шық түспейді» Физикалық мағынасы: шықтың түсуі, жер бетіндегі судың температурасының артуынан ол буланып (кебу), ал температура төмендегенде су тамшыларының суының конденсациялануынан (ішкі энергия кемуінен) шық пайда болатындығы физика құбылысы.

«Ауызы күйген, үрлеп ішеді» – Ыстық нәрсені үрлесек, содан кебу процесі тездетіліп, нәтижесінде (кебу процесі тездетіліп, оның температурасының төмендейтіндігі ұғуға болады. Тәрбиелік мәні: Жіберген қатеңді екінші рет болырмауға, ол қатеңнен тиісті қорытынды жасай білуге меңзейді.

«Күн шыққан соң суарған суды күн жұтады. Күн батқан соң суарған суды жер жұтады» мақалының тәрбиелік мәнін ашамыз: егістіктің таңертең күн шықпай, не күн бата суару керектігі айтылады. Ал физикалық тұрғыдан күн шығып тұрғанда егістікті суарса температураның жоғарылағанынан кебу үрдісі жақсы жүреді. Жер тез кеуіп қалады, ал кеш бата суарғанда температура төмендегендіктен кебу үрдісі баяу жүреді де су толығымен жерге сіңіп үлгіреді.

Мұғалімнің шығармашылық ізденіспен жаңаша жүргізілетін күрделі жұмысы – физика пәніне халықтық, ұлттық салт-дәстүрлерді, ұлттық атауларды, ұлттық тіл өрнектерін, ұлттық ойындарды көптеп қолдана білу. Оған даяр жоба ұсынуға болмайды. Сабақты тартымды, қызықты өткізу мұғалімнің шығармашылық жұмысына, талантына, біліміне байланысты. Егер мұғалім сабақта бір тақырыпты оқытуда шәкірттерді ойландыруға, тәжірибе жасап, оған қорытынды жасай білуге, сөйлесу мәдениетін дамытуға көңіл аударса, келесі бір сабақты мүмкіндігіне қарай халқымыздың дәстүрлі ұлттық тұрмыс, салт-сана көріністеріне, қазіргі жеткіншек жете біле бермейтін ұғым-түсінігін бүгінгі өмірге жанастыра көңіл аударта, сол арқылы танымдық мақсат қояды. Сөйте отырып, ұлттық салт-дәстүрді қадірлей білуге, адамгершілікке, ізгілікке, ұлттық тәлім-тәрбие беруге назар аударылады. Ғасырлар бойы күнделікті тұрмыста қазақ халқы физика ілімінің атауларын қолданып келген, қолдана береді де.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Г. Б. Әлімбаева. Физика пәнін халықтық педагогика тағылымдарымен байланыстыра отырып оқыту. Оқу құралы. Алматы. «Литера.» 2001 ж.
2. Қазақтардың дүниетанымы. Ғ. Ақпанбек. – Алматы: Қазақ университеті, 1993.
3. Ұлттық әдет-ғұрыптың беймәлім 222 түрі. С. Кенжахметов. – Алматы: Санат, 1998.
4. Ж. Наурызбаев. Ұлттық мектептің ұлы мұраты (оқушыларға мәдени-этникалық білім беру туралы). – Алматы: Ана тілі, 1995.
5. Ғ. Жұмаханова. Халықтық педагогика элементтерін сабақта қолдану //Математика және Физика.–2003.–№6.–62 б.